



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 7 қазан

Жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша өтемақының бірінші траншының төленгені туралы

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгемен) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тетігін іске асыру шеңберінде бірінші траншты төледі. Бірінші транш бойынша өтемақы төлеу мөлшері шамамен 36 млрд. теңгені құрады.

Өтемақыны өз депозиттерін 2015 жылғы қыркүйекте қайта ресімдеген және бір жыл бойы депозиттерін талап етпеген салымшылар Өтемақы төлеу тәртібінің талаптарына сәйкес қоса алғанда 2016 жылғы 10 қазанға дейін алады.

Өтемақы сомасын есептеу үшін ұлттық валютаның (теңгенің) АҚШ долларына 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша бағамы – бір АҚШ доллары үшін 188,35 теңге бағамы және ұлттық валютаның (теңгенің) АҚШ долларына 2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан бағам – бір АҚШ доллары үшін 334,93 теңге бағамы пайдаланылды.

Өтемақы өз депозиттерін 2015 жылғы қазанда және қарашада қайта ресімдеген салымшыларға тиісінше қоса алғанда 2016 жылғы 10 қарашаға және 2016 жылғы 10 желтоқсанға дейін төленетін болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704697

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz